

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 ақпан N 209

"Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2445 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы еркін экономикалық аймақтардың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 сәуірдегі N 320 қаулысының "Қазақстан Республикасындағы еркін экономикалық аймақтар туралы негізгі ережелер" туралы қосымшаның 46-бабы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 15, 245-бап) мынадай редакцияда баяндалсын:

"46-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады".

2. "Жезқазған облысындағы Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 734 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 529-бап) Жезқазған облысындағы Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағы туралы ережеде:

45-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"45-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады".

46-баптағы "Қазақ ССР-інде" сөздері "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Талдықорған облысындағы Алакөл еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қыркүйектегі N 740 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 533-бап) Алакөл еркін экономикалық аймағы туралы ережеде:

35-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады " ;

36-баптағы "Қазақ ССР-інде" сөздер "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Талдықорған облысындағы Жаркент еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қыркүйектегі N 741 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 534-бап) Жаркент еркін экономикалық аймағы туралы ережеде :

43-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"43-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады " ;

44-баптағы "Қазақ ССР-інде" сөздері "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Маңғыстау еркін экономикалық аймағын дамыту үшін басым маңызы бар бірінші кезектегі мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 904 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 41, 612-бап) Маңғыстау еркін экономикалық аймағы туралы ережеде :

43-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"43-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті тіркеуді ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады " ;

44-баптағы "Қазақ ССР-інде" сөздері "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі